



Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің орталықтандырылған (директивтік) кредиттерін алу тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы. 22 шілде 1994 ж. N 826. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Шаруашылық жүргізуші субъектілерге орталықтандырылған (директивтік) кредиттер берудің бірыңғай тәртібін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің орталықтандырылған (директивтік) кредиттерін беру тәртібі N 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы тәртіп 1994 жылдың 20 шілдесінен қолданылатын болсын.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі 1994 жылдың 1 қыркүйегіне дейінгі мерзімде директивтік кредиттер берудің шаруашылық жүргізуші субъектілерге бөлінген қаржының нысаналы пайдаланылуын қамтамасыз ететін кредиттік желі принциптеріне көшетін болсын.

4. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Кредит комиссиясының жеке құрамы N 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

П р е м ь е р - м и н и с т р і

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң

1 9 9 4 ж ы л ғ ы 2 2 ш і л д е д е г і

N 8 2 6 қ а у л ы с ы н а

N 1 қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің орталықтандырылған (директивтік) кредиттерін алудың Тәртібі

Ұлттық банктің орталықтандырылған (директивтік) кредиттерін алудың осы тәртібі меншік нысанына қарамастан кредиттік қабілетті кәсіпорындардың (ұйымдардың) - басымдық берілген заемшылардың айналым қаржыларына қысқа мерзімді сұраныстарын шұғыл және тиімді қанағаттандыруды қамтамасыз ету

және Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті мен Ұлттық банкінің (бұдан әрі - Ұлттықбанк) арасындағы Өзара түсіністік туралы меморандум ережелерін жүзеге асыру мақсатында белгіленіп отыр.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қаржы министрлігі кәсіпорындар мен ұйымдардың, орталықтандырылған кредиттерді игере алмағаны жөнінде, үстіміздегі айдың 10-на мәлімдеген фактілері бойынша Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі үш күн мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Кредит комиссиясын қайта бөлу туралы ұсыныс е н г і з е д і .

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта бөлінген орталықтандырылған кредиттері жоғарыда бекітілген тәртіп бойынша р ә с і м д е л е д і .

I. Жалпы ережелер

1. Директивтік кредиттер мен осы кредиттердің басты бөлушісі болып табылатын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кепілдігімен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Кредит комиссиясы бекіткен басымдық берілген заемшылардың тізімі бойынша Ұлттық банктің коммерциялық банктер арқылы берілетін қысқа мерзімді (6 айға дейін, ауыл шаруашылығы саласы үшін - 9 айға дейін кредиттерді айтады. Сауда-делдалдық операцияларына кредиттер берілмейді.

2. Директивтік кредиттер бойынша проценттер Ұлттық банктің қайта қаржыландыру ставкасы бойынша ай сайын аударылады және кредитті жабумен бірге төленеді.

3. Директивтік кредиттердің мерзімі коммерциялық банктер үшін Ұлттық банк белгілеген экономикалық нормативтер есебіне кірмейді. Директивтік кредиттер Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жазбаша келісімі бойынша ғана еркін айналысқа түсуі мүмкін. <*>

Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.10.22. N 1143 қаулысымен.

4. Директивтік кредиттер еңбекке ақы төлеу үшін пайдаланылмайды.

II. Кәсіпорын-заемшының құжаттарды рәсімдеу тәртібі

5. Кезекті айда директивтік кредит алғысы келетін кәсіпорын (ұйым) оның алдыңғы айдың 5-іне дейін салалық министрлікке (ол болмаған жағдайда - тікелей Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне):

сұралған кредиттердің қайтарылатындығын дәлелдеп және қызмет көрсететін банкті міндетті түрде көрсетіп өтініш;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес рәсімделген кепілдік міндеттемесін;

егер сұралған кредиттің сомасы 0,4 млн. АҚШ долларының баламынан аз болса, кәсіпорынның балансы мен облыстық әкімшіліктің кепілдеме хатын ж і б е р е д і .

Өтініштің көшірмесін кәсіпорын қызмет көрсетуші банкке жібереді.

6. Өтінішті мақұлдаған жағдайда салалық министрлік (немесе Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі) алдыңғы айдың 15-не дейінгі мерзімде бұл жөнінде кәсіпорынға хабарлайды. Кәсіпорын алдыңғы айдың 25-іне дейінгі мерзімде 0,4 млн. АҚШ долларының баламынан асатын директивтік кредит бойынша Меммүлікком өкілдерінің қатысуымен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне кепілдемені қамтамасыз ету тетігін өз б е т і н ш е ә з і р л е й д і .

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен кәсіпорын-заемының арасында жасалған кепілдеме келісімде кәсіпорынның директивтік кредитті нысаналы пайдаланатынына жауапкершілік белгіленеді. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі директивтік кредиттерге қызмет көрсететін банктерге шарттық (контрактілік) негізде бірқатар арнаулы қызметтер жүктеп және жылдық маржа мөлшерін 3 процентке дейін белгілеп, олармен агенттік келісімдер жасайды.

7. Алған директивтік кредитті өз уақытында әрі толық көлемінде қайтармаған, не директивтік кредитті нысанасыз пайдалануға жол берген кәсіпорын - заемшыға Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі банкроттық процедурасын қоса алғанда, қолданылып жүрген заңдармен белгіленген шараларды қолданады.

III. Мемлекеттік басқару органдарының құжаттарды рәсімдеу тәртібі

8. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті белгілеген басымдықтар негізінде халық шаруашылығының әрбір саласының (салалық бөлімшесінің) үлес салмағын айқындайды, сосын Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті мен Ұлттықбанк арасындағы келісім Хаттамасында қарастырылған директивтік кредиттердің кезекті айдағы өсім лимитінің негізінде алдыңғы айдың 5 дейінгі мерзімде салалық министрліктерге абсолютті көлемдерді мәлімдейді. Бұдан басқа Қазақстан Республикасының Экономика министрлігінде лимит ауқымында облыстардың халық шаруашылығының мұқтаждықтары үшін директивтік кредиттердің көлемі және күтпеген жағдайлар үшін 5 проценттік резерв көзделеді.

9. Салалық министрліктер (не Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің тиісті басқармалары) мәлімделген абсолютті көлемдер ауқымында кәсіпорындардан алынған өтініштер негізінде басым заемшыларды іріктеуді жүзеге асырып, алдыңғы айдың 15-не дейінгі мерзімде кредиттерді пайдаланудың нысаналы бағыты мен қызмет көрсететін банктерді көрсетіп, Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне олардың тізбесін береді.

10. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қызмет ететін банкілерді көрсетіп кезекті айға кәсіпорындардың - басым заемшылардың жиынтық тізбесін жасап, қарсы кепілдеме мәселесімен жұмыс істеу үшін алдыңғы айдың 17-іне дейін оны Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне тапсырады.

11. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі көрсетілген жиынтық тізбе және заемшы-кәсіпорындармен жасалған кепілдеме келісімдер негізінде алдыңғы айдың 25-не дейін Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Кредит комиссиясына кезекті айға директивтік кредиттер беру туралы Министрлер Кабинеті шешімінің жобасын ұсынады.

Шешім жобасында басым заемшылардың тізбесі, берілген директивтік кредиттердің сомасы, қызмет көрсететін банктер, кредиттердің нысаналы бағыты, кредиттерді беру кестесі, оларды өтеу мерзімдері мен басқа қажетті ақпарат көрсетіледі.

12. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Кредит комиссиясы Ұлттық банк өкілінің қатысуымен алдағы айдың 30-на дейінгі мерзімде ұсынылған шешім жобасын қарап, бекітеді. Сол шешім негізінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Ұлттық банктің пайдасына кепілдік міндеттеме береді және іс жүзінде берілген кепілдік хаттардың есебін жүргізеді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қаржы министрлігі кәсіпорындар мен ұйымдардың, орталықтандырылған кредиттерді игере алмағаны жөнінде, үстіміздегі айдың 10-на мәлімдеген фактілері бойынша Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі үш күн мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Кредит комиссиясына қайта бөлу туралы ұсыныс е н г і з е д і .

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта бөлінген орталықтырылған кредиттері жоғарыда бекітілген тәртіп бойынша рәсімделеді.

Ескерту. 1-қосымша толықтырылған - ҚРМК-нің 11.08.1994 ж. N 893 қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң
1 9 9 4 ж ы л ғ ы 2 2 ш і л д е д е г і
N 8 2 6 қ а у л ы с ы н а
2 қосымша

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің

Кредит комиссиясының

Жеке құрамы

Қажыгелдин Ә.М.	-	Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті Премьер-министрінің бірінші орынбасары
(комиссия төрағасы)		
Аханов С.А.	-	Қазақстан Республикасы Экономика министрінің бірінші орынбасары
Бисенов М.С.	-	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің орынбасары
Воложина Е.П.	-	Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Іс Басқармасының қаржы, еңбек және әлеуметтік қорғау бөлімінің консультанты
Дербісов Е.Ж.	-	Қазақстан Республикасының Қаржы министрі
Ертілесова Ж.Д.	-	Қазақстан Республикасы Экономика министрінің орынбасары
Есенберлин Қ.І.	-	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы
Кәкенов Н.К.	-	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының орынбасары
Сапарбаев Б.М.	-	Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті Іс басқармасының Қаржы, еңбек және әлеуметтік қорғау бөлімі меңгерушісінің орынбасары
Смағұлов К.М.	-	Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті Іс басқармасының Жиынтық экономика бөлімі меңгерушісінің бірінші орынбасары
Өтембаев Е.М.	-	Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті Іс басқармасының Жиынтық экономика бөлімінің меңгерушісі.